

**"Нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі № 240
бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 346 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 31 желтоқсанда № 6718 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 912 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 21.10.2016 № 912 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережесінің 9-тармағын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі № 240 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4376 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама нысаны мындай мазмұндағы 8 және 9-бағандармен толықтырылсын:

8.	жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларының бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарды қоса алғанда, жариялау туралы мәліметтерді	
9.	сараптамалық қорытындыларды ұсынбаған кәсіпкерлердің аккредиттелген бірлестіктерінің тізімін қамтуы тиіс (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын актілер үшін).»;	

2. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті осы бұйрықты аумақтық әділет органдарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республиканың
Әділет Министрі *Р. Түсіпбеков*

